

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№42 (155) ЖҰМА

21 қараша 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



Қазіргі кезде барлық деңгейдегі газет – журналдар келесі жылдың балапанын санап жатыр. Жазылым қиындықпен жүріп жатқаны да жасырын емес. Әлеуметтің басым бөлігін әлеужелі жаулап алғаны да рас. Дегенмен..

• ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ПАРАСАТТЫ АҒАҒА ЖАРАСЫП ТҰР «ПАРАСАТ»!



Ұлытау облысы Ақсақалдарының, Ардагерлерінің көшбасшысы Сағындық аға Қожамсейітов күні кеше елордадан Ұлытауға кеудесіне «Парасат» орденін тағып оралды.

Облысымыздың бас ақылман абызына айналған Ағаны мемлекет наградасына ҚР Ардагерлер Кеңесі ұсынған екен.

Сағындық аға Үсенұлының көпжылғы еңбегін лайықты бағалай білген Республикалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов ағамызға да көп-көп рахмет!

Байланысты өткенге бүгін менен болашақ, Ардагерді ардақтау елдігіме жарасат. Қараймын да қуанам, қандай ғажап бұл деген, Парасатты Ағаға жарасып тұр «Парасат»! Құтты болсын!

«Аймақ ақшамы»

АРДАҚТЫ АНА, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

ЗОЯ ЕСІМСЕЙІТҚЫЗЫ «АЙМАҚ АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛДЫ

- Сексеннің бесеуіне бет түзедім, Құдайға шүкір, жанарым - жақсы. Газет – журнал, кітап оқымай отыра алмаймын. Соның арасында «Аймақтың» орны ерекше. Қатып қалған қасаң дүниелер аз, газет негізінен оқылымды, тартымды мақалаларды көбірек береді. Былтыр да жазылған едім, биыл да қатардан қалғым келмейді – деп телефон арқылы газетке жазылғанын жеткізген апамызға қалай риза болмайсың?

Еңбек ардагері, 40 жылдан аса

ұстаз болып мыңдаған шәкірттерге білім нәрін егіп, тәлім – тәрбие берген, ҚР білім беру ісінің үздігі Зоя Есімсейітқызы Бисенбаева текті топырақтың, яғни Теректі ауылының тумасы екен. Қазір Жезқазған қаласында тұрады. Қалалық «Ақ әжелер» ансамблінің белді мүшесі.

- Жаңа Жыл да жақын қалды. Мен үшін биылғы Жеңістің 80 жылдық мерекесі ерекше есімде қалады. Теректіде үлкен той салтанаты болды. Әруақтарды еске

алып, рухтарына тағзым жасадық. Менің әкем де «Александр Невский» орденмен марапатталған майдангер еді – деген апай «Еліміздің аспаны ерқашан ашық болсын!» деген ақжарма тілегін де жеткізді.

Алдағы жылы да «Аймақ ақшамын» өзіне серік еткен Ардақты ана, Ұлағатты ұстазға ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз!

Абдолла ДАСТАНОВ,
«Аймақ ақшамы» газетінің
бас редакторы.

БАСПАСӨЗ – 2026

«АЙМАҚ АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ
2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА - 10 000 (ОН МЫҢ) ТЕҢГЕ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА - 5 000 (БЕС МЫҢ) ТЕҢГЕ

Газет жеке тұлғалардан жазылушылар саны бір ұжымнан 10 және одан көп болған жағдайда жазылушылардың жұмыс орнына жеткізіледі. Ал, одан кем болса, редакцияға келіп аласыздар.

РЕКВИЗИТ: ИП "ДАСТАНОВ А"

АДРЕС: ОБЛАСТЬ ҰЛЫТАУ, Г.САТПАЕВ, УЛ. ЕРДЕНА 161-7

БИН/ИИН 611106301669 ИИК KZ956017171000002055 БИК HSBKKZKX

АО НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА КБЕ 19



Анықтама телефоны: 87773024679

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ - СЕРПІН

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАҒДАРЫ

Қазақстанның әрбір жаңа тарихи кезеңінде ел дамуындағы басты бағыттарды айқындайтын маңызды құжаттардың бірі – Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауы. Президент Жолдауы – елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани даму стратегиясын белгілейтін, бүкіл мемлекеттік аппарат пен қоғам үшін бағдаршам іспетті.

Соңғы жылдары еліміз «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын алға қойып, ұлттық жаңғыртудың жаңа фазасына аяқ басты. Бұл идея мемлекетті реформалау, қоғамды жаңарту және халықтың өмір сапасын жақсарту мақсатында жүзеге асырылатын кешенді өзгерістерді қамтиды. Сондықтан Президент Жолдауын «Жаңа Қазақстанның бағдары» деп қабылдау орынды.

Жаңа Қазақстан – ең алдымен, әділетті Қазақстанды құру жолы. Әділет – жаңа реформалардың өзегі. Ол сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуден бастап, мемлекеттік қызметтің транспаренттілігін арттыруға, жемқорлықпен жүйелі күрес жүргізуге дейінгі ауқымды салаларды қамтиды. Мемлекет басшысы өз Жолдауларында бұл ұстанымды бірнеше рет атап, оның қоғам дамуы үшін маңызды фактор екенін айтты. Себебі әділет орнаған жерде ғана экономикалық өрлеу, азаматтық белсенділік және қоғамдық келісім қалыптасады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Елімізде қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету, салық саясатын әділ ету, цифрлық экономиканы дамыту бойынша да кешенді жұмыстар қолға алынды. Сонымен қатар логистикалық инфрақұрылымдарды жаңарту, өңірлік көлік

дәліздерін кеңейту – Қазақстанның геоэкономикалық әлеуетін арттыруға ықпал ететін маңызды факторлар.

Жаңа Қазақстан экономикасының басымдықтарының бірі – инвестициялық ахуалды жақсарту. Әлемдік бәсекелестік күшейген кезеңде инвестиция тарту тек экономикалық емес, саяси тұрақтылыққа да байланысты. Осы тұрғыда Президент реформаларының басты мақсаты – инвесторлардың құқықтарын қорғау, кәсіпкерлік ортаны жақсарту және мемлекеттің экономикаға негізсіз араласуын шектеу.

Президент Жолдауының ең маңызды бөлігі – әлеуметтік саясат. Жаңа Қазақстан үшін халықтың өмір сапасын жақсарту, әлеуметтік теңсіздікті азайту және адами капиталды дамыту ерекше басымдыққа ие.

Білім беру саласын дамыту – ел болашағы үшін стратегиялық бағыт. Президент мектеп салу, мұғалімдердің жалақысын көтеру, жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру, техникалық мамандықтарға басымдық беру қажет екенін үнемі атап келеді. Бұл еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады.

Денсаулық сақтау саласындағы реформалар да халық игілігі үшін жүзеге асырылып жатыр. Медицина сапасын арттыру, ауылдық жерлерді дәрігер мамандарымен қамтамасыз



ету, медициналық инфрақұрылымды жаңарту – Жолдауда көрсетілген басым бағыттардың бірі.

Жаңа Қазақстанның тағы бір маңызды қыры – ұлттық рухты, тарихи сананы және мәдени құндылықтарды жаңғырту. Президент Жолдарында рухани жаңғырудың маңыздылығы, ұлттық болмысты сақтау қажеттігі жиі айтылып келеді. Бұл – жаһандану дәуірінде мәдениетімізді, тілімізді, дәстүрімізді сақтап қалудың кепілі.

Ұлттық бірегейлікті нығайту – тек мәдениет саласының емес, бүкіл қоғамның міндеті. Президент ұсынып отырған реформалардың түпкі мәні – саналы азамат қалыптастыру, қоғамдық жауапкершілікті арттыру және қоғамды біріктіру. Бұл бағытта тіл саясаты, мәдениет, ғылым мен өнерді қолдау бағдарламалары жүзеге асуда.

Президент Жолдауындағы басты

идеялардың бірі – билік пен халық арасындағы әлеуметтік келісім мен сенімді арттыру. Сенім – қоғам дамуының шешуші факторы. Сенімсіз жерде реформа да, жаңғыру да жүзеге аспайды. Сондықтан мемлекет қабылдап жатқан әрбір реформаның мақсаты – халықтың сенімін нығайту.

Жаңа Қазақстан моделі – азаматтардың мүддесін бірінші орынға қоятын, әділетті, тиімді және ашық мемлекет. Бұл модельде қоғам белсенді, азаматтар өз құқығы мен міндетін біледі, мемлекеттік органдар халыққа қызмет етеді. Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформалар осы бағытта жүйелі түрде орындалып келеді.

Президент Жолдауы – Жаңа Қазақстанның даму жолын айқындайтын негізгі стратегиялық құжат. Онда қоғамның барлық саласын қамтитын реформалардың бағыты көрсетілген: саяси жаңғыру, экономикалық даму, әлеуметтік қолдау, ұлттық бірегейлікті сақтау және мемлекеттік басқаруды жетілдіру. Бұл реформалардың түпкі мақсаты – әділетті, ашық әрі дамыған Қазақстан құру.

Жаңа Қазақстан – әрбір азаматтың ортақ еңбегінің нәтижесі. Президент Жолдауында белгіленген міндеттерді орындау – тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Осы мақсатта бірлікпен әрекет еткенде ғана мемлекетіміз жаңа белестерді бағындырып, бәсекеге қабілетті, өркениетті елге айналады.

Өтеш АХМЕТОВ,
ҚХА жанындағы

Сәтбаев қалалық Ақсақалдар
Кеңесінің төрағасы.

► ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

Зайырлылық – қазіргі заманғы демократиялық мемлекеттердің негізгі белгілерінің бірі. Бұл ұғым қоғам мен мемлекеттің дамуының өркениетті формасын білдіреді, онда дін мен мемлекет істері өзара ажыратылған, ал әрбір адамның ар-ождан, сенім бостандығы қамтамасыз етіледі. Зайырлылық принципі азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін тең дәрежеде қорғауға, қоғамдық тұрақтылық пен толеранттылықты сақтауға бағытталған.

Мемлекеттің діннен бөлінуі

Мемлекет діни ұйымдардың ішкі ісіне араласпайды және дін де мемлекеттік саясатқа әсер етпейді. Бұл принцип діни және саяси биліктің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемелерде діни үгіт жүргізуге, діни белгілерді міндетті түрде қолдануға жол берілмейді.

Ар-ождан және сенім бостандығы

Әрбір азамат кез келген дінді ұстануға немесе ешқандай дінге сенбеуге құқылы. Бұл құқық Конституциямен және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңмен қорғалады. Сенім бостандығы – адамның еркін таңдауына, ішкі сеніміне және өзіндік дүниетанымына құрметпен қарауды білдіреді.

Барлық діндердің теңдігі

Зайырлы мемлекетте ешбір дін артықшылыққа ие болмайды. Барлық діни бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекет олардың қызметіне тек заң шеңберінде және қоғамдық

қауіпсіздік, адам құқықтары бұзылған жағдайда ғана араласады.

Азаматтық қоғам мен діни ұйымдардың өзара сыйластық қағидасы

Зайырлылық діни ұйымдар мен азаматтық институттар арасында өзара түсіністік пен диалог орнатуды көздейді. Бұл қоғамдағы діни төзімділікті, мәдени және рухани бірлікті нығайтады.

Зайырлылықтың қоғамдағы маңызы

Зайырлылық – қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың негізі. Ол: Әртүрлі дін өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді; Мемлекетті діни радикализм мен экстремизмнен қорғайды; Білім мен ғылымның еркін дамуына жол ашады; Азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін тең дәрежеде қамтамасыз етеді; Ұлттық бірегейлікті сақтауға және мәдениеттердің өзара байытуына ықпал етеді.

Қазақстандағы зайырлылық тәжірибесі

Қазақстан – көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет. Мұнда ислам, христиан, буддизм және басқа да дін өкілдері бейбіт өмір сүреді. Мемлекет діни ұйымдардың еркін қызмет етуіне жағдай жасайды, сонымен бірге қоғамдық тәртіп пен заңдылықтың сақталуын қатаң қадағалайды.

Президенттің бастамасымен өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі – Қазақстанның зайырлылық моделінің халықаралық деңгейде мойындалған айғағы.

Зайырлылық – қоғамның рухани және мәдени дамуының кепілі. Ол дін мен мемлекеттің үйлесімді өзара әрекетін қамтамасыз етіп, азаматтардың еркіндігі мен теңдігін қорғайды. Зайырлы қағидаларды сақтау – Қазақстанның демократиялық жолмен дамуындағы басты бағыттардың бірі.

Амангелді АБЖАНОВ,
Ұлытау облысы бойынша
пул сарапшысы.

САНАҚ САПАЛЫ БОЛДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Жәнібек Нөпіров Ұлттық ауыл шаруашылығы санағында белсенділік танытқан үздіктерді марапаттады. Ол бұл маңызды науқанның жоғары ұйымдастырушылық деңгейінде өткенін атап өтті.

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазаны аралығында еліміздің барлық өңірінде өткізілгені белгілі. Бұл ауқымды шара арқылы жиналған деректер мемлекетке агроөнеркәсіп кешенін дамыту, ауылдық жерлердегі тұрмыс сапасын арттыру және ресурстарды тиімді пайдалану бойынша неғұрлым тура әрі дұрыс негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Деректерді жинау екі кезеңмен жүргізілді. Бірінші кезең – 1 тамыз бен 20 қыркүйек аралығында онлайн форматында өтсе, екінші кезең – 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін офлайн түрінде ұйымдастырылды. Ұлттық санақ кезінде облыста 100-ден астам интервьюер сауалнама жүргізіп, тиісті деректерді ойдағыдай жинады. Санақта Ұлытау облысы бойынша 10527 үй шаруашылығы мен 3836 ауыл шаруашылығы нысаны 100 пайыз қамтылды. Облыс бұл көрсеткіш бойынша республикалық деңгейде бірінші орынға ие болды.

Нығман РАХЫМ

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗЕГІ

ИНВЕСТИЦИЯ – ЕЛ ИГІЛІГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылғы халыққа Жолдауында аймақтағы инвестициялық ахуалға әкімдердің тікелей жауапкершілігін белгілеу керектігін атап айтқан болатын. Осыған орай облыс әкімдігі тарапынан инвесторлар тарту жөнінде біршама серпіліс туындағаны байқалады. Жақында Ұлытау облысының әкімдігі шетел компанияларымен ынтымақтастық аясында 150 млн доллардың ірі инвестициялық жобаларын жүзеге асыру жөнінде келісімге келгені туралы жақсы хабар тарады. Жалпы бүгінгі таңдағы облысымыздағы инвестициялық жобалардың жайы туралы нақты білу мақсатында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Данияр Манатжанұлы АРЫНҒАЗИНМЕН сұхбаттасқан едік.



- Негізі, облысымыз жаңадан ашылғанымен, өңірдің минералдық ресурстарға бай екені ежелден белгілі. Игеретін жаңа кен көздері де бар. Олай болса, облысқа инвестиция тартудың қазіргі ахуалы мен алдағы мүмкіндіктері қандай?

- Иә, аймақта мыс, темір, марганец, никель, кобальт сынды пайдалы қазбалар қоры мол. Қазіргі таңда бұл бағытта бірнеше ірі тау-кен кәсіпорындары жұмыс істеуде. Бұл ресурстарды игеру арқылы өңірге инвестиция тартуға толық мүмкіндіктер бар. Сонымен қатар, еліміздің индустриялық-инновациялық дамуы аясында жаңа өндіріс орындарын ашуға қолайлы орта қалыптасып келеді. Ұлытау облысының жаңадан құрылған өңір болуы да инвесторлар үшін артықшылық береді. Өңірге инвестиция тарту мақсатында Үкімет тарапынан түрлі жеңілдіктер, салықтық преференциялар, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету секілді қолдаулар қарастырылған.

Мәселен, облыс құрылғалы бері экономикаға 740 млрд теңге инвестиция тартылды, оның 87%-ы жеке инвестициялар үлесіне тиесілі. 1200 жұмыс орнын құрумен 44 млрд теңгеге 9 ірі инвестициялық жоба іске қосылды. Ал, биылғы жылдың 9 айында облыстың негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 149,8 млрд теңгені құрап, 2024 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 9% өсті. Алдағы жоспар бойынша 2028 жылға дейін жалпы құны 937 млрд теңге болатын 22 жобадан тұратын инвестициялық пул қалыптастырылды. Бұл бастама 2

мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға жол ашады. Аталған инвестициялық пул Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілді. Сонымен қоса, алдағы уақытта Қызылорда-Жезқазған автожолының қайта жаңғыртылуы және Қызылжар-Мойынты теміржол желісінің іске қосылуы сияқты жаңа жобалар өңірдің көліктік-логистикалық әлеуетін арттыруға зор әсерін тигізеді деп күтудеміз.

Айтпақшы, жыл басынан бері туризм саласына тартылған инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 45 пайызға өсіп, 2,9 млрд теңгені құрады. Биыл өңірге 14 мыңнан астам турист келсе, оның 600-ден астамы шетелдік қонақтар болды.

- Данияр Манатжанұлы, қазіргі таңда инвестицияны игеру арқылы нақты жүзеге асып жатқан жобалар бар ма?

- Қазіргі таңда облыста жалпы құны 138 млрд теңгені құрайтын 16 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл 800 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Ерекше маңызды жобалар қатарында Жезқазған қаласындағы күкірт қышқылы цехының жаңа өндірісін іске қосу, Қаражал қаласындағы Батыс Қаражал кен орнын игеру, Жалын көмір кенішінде өңдеу зауытының құрылысын жүргізу, Жылу-электр орталығында бу-газ қондырғысын салу сияқты стратегиялық бағыттар бар. Бұдан бөлек 27,5 млрд теңгені құрайтын 4 ірі жоба іске қосылып, 70 жаңа жұмыс орны ашылды. Олар – 23,5 млрд теңгенің жел электр станциясы, 800 млн теңгенің респиратор

цехы, 500 млн теңгенің асфальт-бетон зауыты және 3,5 млрд теңге инвестиция салынған мұнай базасының құрылысы. Жыл соңына дейін 12 млрд теңгеге 3 ірі жобаны іске қосу жоспарлануда (қонақ үй кешені – 1 млрд тг, геологиялық кластер – 10 млрд тг, көкөніс өсіру кешені – 700 млн тг). Қосымша 200-ден астам жаңа жұмыс орындары ашылады.

Сонымен қатар шетел инвесторларының қатысуымен құны 14,8 млрд теңге тұратын 3 жоба жүзеге асырылуда. Олар - қуаттылығы жылына 150 мың бас малдың етін өңдей алатын ет комбинаты, іске қосылғанда 200 адамды жұмыспен қамтиды. Жылына 20 млн кірпіш шығаратын кірпіш зауыты, 30 адамды жұмысқа орналастырады. Сондай-ақ, тәулігіне 500 мың текше метр өнім бере алатын табиғи газды сұйылту зауыты салынады. Бұл нысандардың барлығы 2027 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Маңызды инвестициялық жобалардың іске асуы әкімшіліктің қадағалауында және инвесторларды қосымша қолдау бойынша фронт-офис сүйемелдейді. Проблемалық мәселе туындаған жағдайда жедел шешім қабылданады.

- Облыс орталығы Жезқазғанның инфрақұрылымы мен жалпы дамуы жоғары деңгейде деп айта алмаймыз. Инвесторларға қолайлы жағдай жасау да маңызды іс екені белгілі. Облысымыздың инвестициялық климатын жақсарту бағытында қандай шаралар белгіленіп отыр?

- Ұлытау облысының инвестициялық климатын жақсарту және инвестиция-

лар тарту мақсатында Аймақтық инвестициялық штаб құрылған болатын. Штабта инвесторлардың проблемалық мәселелері қаралып, шешу жолдары қарастырылады. 2025 жылдың басынан бастап штабтың 9 отырысы өткізілді және әр ай сайын отырыс өткізіліп тұрады.

Бұдан бөлек, инвесторларға қолайлы жағдай жасау және инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында Сәтбаев қаласында республикалық маңызы бар индустриялық аймақ құру жұмыстары жүргізілуде. Осыған байланысты, 50 гектарға дейін ұлғайту мүмкіндігімен 12 гектар жер учаскесі бөлінді. Үш жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Индустриялық аймақта 3,5 млрд теңгені құрайтын инженерлік инфрақұрылым құрылысы жүргізіледі.

Сонымен қатар, «Ұлытау» ӨКК индустриялық аймақта жобаларды орналастыру үшін жаңа инвесторларды іздеу бойынша жұмыстарын жалғастыруда. Тағы бір айтарлық жай, биылғы жылы инвесторларды қолдау бойынша фронт-офис өз жұмысын бастады. Фронт-офистің мақсаты – инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу, инвесторларға қолайлы жағдай жасау, олардың сұрақтары мен мәселелерін жедел шешу арқылы облыстың инвестициялық тартымдылығын арттыру болып табылады.

Жалпы, осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта одан әрі жалғасады және тұрақты бақылауда болады.

Сұхбаттасқан
Амандық РАХҰЛЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МАҢЫЗЫ

Тәуелсіздік алғалы бері қоғамдық қызу талқылаудың тақырыбына арналған басты мәселенің бірі — тіл мәртебесі. Тілі мен ділін ұмытқан ұлттың да болашағы бұлыңғыр екені анық. Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы — ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі — мемлекеттік тілі, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу — біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау — өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз.

Тілдің мемлекеттік мәртебесін 1993 жылғы Конституцияда бекітіп, 1997 жылы 11 шілдеде тәуелсіз Қазақстанның Тілдер туралы заңы қабылданды. Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Ал заманның ағымына

қазақ тілін бейімдеу үшін латын қарпіне көшу қарқынды түрде жүзеге асып жатыр. Ендігі таңда қоғам алдында үлкен жауапкершілік тұр. Себебі бұл тұрғыда әрбір азамат мінез танытып, үлес қосуы маңызды.

Мемлекеттік тіл тек қазақ халқының тілі емес — ортақ тіл. Қазақ-

станда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін әрбір азаматтардың тілі. Тіл мәртебесі — ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілін дамыту, оның қолдану

аясын кеңейту, дамуы мен жетілуіне жан-жақты қамқор жасау бүгінгі күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет.

А.ЖҰМАДІЛДА,
Сәтбаев қалалық сотының
бас маманы - сот
отырысының хатшысы.

«ӨНЕР МЕН РУХАНИЯТТЫҢ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІНЕ 25 ЖЫЛ»



Осыдан 25 жыл бұрын Сәтбаев қаласындағы «Байқоңыр» кинотеатры күрделі жөндеуден өткізіліп, Кеншілер Сарайына айналды. Мәдениет ордасына күллі қазаққа танымал ақын, жыршы, жырау Шынболат Ділдебаевтың есімі берілді. Бұл Шешімге ҚР Үкіметінің сол кездегі басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған болатын.

Міне, содан бері ширек ғасыр кейін қалды. Тарихи өлшеммен қарағанда қас қағымға жетер жетпес уақыт десек те, өнер ордасының сахнасында 25 жылдың мұғдарында қаншама ірілі-ұсақты шаралар өтті десеңізші?! Еліміздің, шетелдердің «менмін» деген нешебір тұлғалары келіп, сахнаның сәніне айналды. Сарайдың сахнасын дүбірлеткен қалалық, облыстық, республикалық өнер байқауларының санында қисап жоқ. Кеншілер Сарайының әртүрлі үйірмелерінде қанаттанып, үлкен өнерге жолдама алып, жарқырап жүрген жұлдыздарымыз қаншама?! Кейінгі жылдары Сарай жанынан құрылған қолөнер шеберлерінің үйірмесі, «Ақ әжелер» ансамблі және т.б. құрылымдар Кеншілер Сарайының мүмкіндіктерін одан әрі аша түскені және рас.

1973 жылы ашылған «Байқоңыр» кинотеатры кезінде жұмысқа кіріп, Кеншілер Сарайы атанған жылдары зейнет демалысына шыққан еңбек ардагерлері өз алдына бір төбе. Осында басшылық жасап шыңдалу мектебінен өткен мамандар да жеткілікті. Мысалы, қазіргі Ұлытау облысы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Бақытжан Жайлаубаев 2013-2015 жылдары Кеншілер Сарайының директоры болған еді.

Сәтбаев қаласында Кеншілер Сарайының 25 жылдығы тамаша тойға айналды. Салтанатқа жиналғандарды Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Д.Мұхан құттықтады. «Қазақтың Даридай» ақыны Мұқаш Сейтқазинов, ғаламат әнші Серік Оспанов, айтыскер ақын Света Жумкина, Сарайдың он бес жылдан аса басшысы болған Н.А.Геймбұх жылы естеліктерімен бөлісті.

Биыл Кеншілер Сарайындағы Ш.Ділдебаев музейі жаңа экспонаттармен толыққан еді. Сондай-ақ, Сарайдың 25 жылдық тарихына арналған «Өнер мен руханияттың мерейлі белесіне - 25 жыл» деп аталған, әр жылдары Сарайда өткізілген басты-басты іс-шаралардың, құрметті қонақтардың сапарларынан, жергілікті өнерпаздардың, қызметкерлердің өміржолдарынан сыр шертетін суреттерімен бедерленген «Жылнамалар жинағы» шығарылған болатын. Жаңа экспонаттар мен жинақтың салтанатты таныстырылымы тойдың әрін келтіріп жіберді.

Салтанатта жүргізуші жергілікті журналист Абдолла Дастанов 2000 жылғы Кеншілер Сарайының ашылуы салтанатындағы жырау Мұқаш Қожахметов орындаған Арнауы оқып берді. Бұдан соң ол ортаға жас ақын Жоламан Мағзұмовты шақырды. Жоламан жырдан шашу шашты.

Бұдан соң салтанатқа қатысушылар арнайы ұйымдастырылған көрмені аралап көрді. Той құрметіне жайылған дастархан әдемі естелік, әсем әндер арқылы салтанаттың шырайын тіптен аспандата түсті.

Салтанатты сәттердің соңында Сарайдың қазіргі директоры Қарлығаш Қазбекова мен Ш.Ділдебаевтың зайыбы, «Ш.Ділдебаев» музейінің меңгерушісі Гүлсара Жиенәлиева қала басшылығына, өнер мен мәдениет қайраткерлеріне, бұрынғы һәм бүгінгі әріптестеріне жүрекжарды алғыс сезімдерін білдірді.

М.САЯЖАНҚЫЗЫ

СОҢЫНДА САЛТАНАТТЫ САРАЙ ҚАЛДЫ...

*«Қалай ғана өмір сүрдім дей алам,
Бір ауыз сөз қалмаған соң
артымда».*

Шынболат Ділдебаев.

Қараша айы - қарбалас шаруа айы ма?
Аты машһүр шартарап - шалғайыңа.
Ширек ғасыр болыпты сәнді сарай,
Шынкең атын ілгелі маңдайына.

"Шындығы" жетелейтін мың - сан ойға,
Халқы ырза ақын, кенші,
жыршы ағайға.

Ділдебаев дүлдүлдің дауысы қалған,
Сәтбаев төріндегі бұл сарайда.

Бұл жерде жиі өтеді жиын ғажап,
Өзгеге емес, өнерге үйір қазақ.
Басқа емес, біздің жаққа жалт
қарайды,
Ділдебаев дегенде дүйім қазақ.

Ел аузында - жырлары талай нәрлі,
Уақыт бүгін солай бағамдайды.
Бір ауыз сөз ғана емес соңында ақын,
Салтанатты осындай Сарай қалды.

Намысты ол тасына Ұлытау
қайрады ма?
Шабыты мыс қазанда қайнады ма?
«Төртіншіде» тұсауын кескен шайыр,
Төркүл елдің айналды айбарына.

Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ.

БҰЛ САРАЙ АРДА ӨНЕРДІҢ ШАҢЫРАҒЫ (Арнау)

Ақын ек өлең - жырды төсбелгім дер,
Домбырасын ап қойса не істермін дер...
Ассалаумағалейкум, жиналған жұрт,
Әрдайым мәдениетті көшке ердіңдер.
Патша Көңілдеріңізге мың рахмет!
Айтулы мерекені ескердіңдер.
Осы тұрған Шынболат сарайының
25 жылдығына қош келдіңдер!

Ешкім атамаса да мені дүлдүл,
Шықсыншы жүрегімнен төгіліп жыр.
Екі мыңшы жылдардың көктемінде,
Мемлекет қаулы шығард ең ұлы бір.
Кенші, жыршы, термеші және ақын
Шын ағамды деп танып ең ірі дүр.
Дәл осы сарайға әкеп атын берсе,
Халықтың қолдауымен сенімі бұл.
Сәтбаев Ділдебаев Шынболаттың
Шындық деп толғау айтқан өңірі бұл.
Қаламыздың даңқын аспандатқан,
Мысымен емес еді темірі құр.
Шыңкеңнің термесі мен беделі еді,
Толыққанды боп өткен өмірі жыр.
Қаламыз үшін Шынкең алып тұлға,
Өзі жоқ болғанымен, көңілі жүр.
«Төртіншім» деп жырлаған
шайырымыз,
Біз үшін болу керек нөмірі Бір.

Бұл сарай арда өнердің шаңырағы,
Өнерді өмір дейтіндер ағылады.
Есігін ашпағандар бұл сарайдың,
Рухани несібеден қағылады.
Бұл сарай сахнасына шыққандардың,
Көп ұзамай байқадық бағы жанды.
Жыл сайын айтыстың жүйріктері,
Келмесе бұл сарайды сағынады.
Он жылдан астам өнер көрсетіп жүр,
Айтыстың менмін деген тағылары.
Әкімнің өзі есепті осы жерде,
Беріп абыз халқына бағынады.
Эстрада жұлдызы Керменбаев
Нұржанның бастау алған әні, нәрі.
Қуандық Рахымдарда бұл сарайға,
Балалық белесі үшін табынады.
Шыңкеңнің атын алып көрсеткендей,
Кеншілер сарайымыз дамығанды.
Қысқасы бұл сахнаға шыққан жандар,
Ғұмыр кеше алады ау мағыналы.
Демеп тұрса бір Алла, Жаппар Ием
Керек қылса біздерді бәрі, бәрі.
Елеп тұрса қазақ өнер, өлеңімді
Жебеп тұр - ау Шынкеңнің аруағы!

Сөйле тілім, алаңдама тартынба,
Ділдебаев бабам ұқсап қарқында.
Өлді деуге келмейді ғой уа, халқым,
Өлмейтұғын сөзі қалса артында.

Сарайға атын берсе кім кеп таласар?
Таласпайды, жақсылыққа жанасар.
Бар қазақты оята алған Шыңкеңе,
Бір қаланың атын берсе жарасар.

Шын ағамыз айтып кеткен
«Құтым» деп,
Жәдігерін сақтап жүрген бүтіндеп.
Отын жағып Гүлсара апам тұр әні,
Мұражайдың мұржалары түтіндеп.

Алтын қолмен жабылғанда көмбелер,
Бал бармақты әжеге кім тең келер?!
Шынболаттың атындағы мұражай,
Өткізеді көне тарих көрмелер.

Айтпасам да білесіздер әріптеп,
Құндылыққа үлес қоссын халық кеп.
Осы жолда Шынболаттың сарайы
Салт дәстүрді жүреді ылғи дәріптеп.

Ширек ғасыр өтті десе аса шын,
Уақытпен бірге қадам басасың.
Жиырма беске келіп жатқан бұл сарай,
Тілеріміз мәңгілікке жасасын!

Жоламан МАҒЗҰМОВ

ӘБУСАҚОВТАР ӘУЛЕТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялай отырып, қоғамда өз кәсібін жетік меңгерген, еңбекқор, кәсіби қасиетке ие мамандарды өте жоғары бағалау қажеттігін алға қойған болатын. «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді», - деді Президент. Осындай өнегелі еңбек иелері біздің арамызда да аз емес. Отбасымен қатар бүкіл туған-туысқандары «Қазақмыс» корпорациясына қарасты кәсіпорындарда істейтін Әбусақовтар әулетімен таныса келе, өз ортасында осындай адал еңбегімен танылып жүрген қарапайым жандар екеніне көз жеткіздік.



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

Ағайынды Әбусақовтарға ағалары Нұрланның ауылдан қалаға келіп, үлкен өндірістен орын табуы жолбасшылық жасаған болуы керек. Ол да үлкен өндіріске бірден келген жоқ. Бірақ, жетпісінші жылдары Жезқазғанда жаңа мыс зауытының іске қосылып, даңқы дүрілдеп тұрғанына сырттай қанық болатын. Нұрлан Ұлытау ауданының Шеңбер ауылында туып өсті. Еңбек жолын 1974 жылы орта мектепті бітірген соң туған ауылында мал емдеуші-санитар болып бастады.

«Еңбекке бейім болсаң, қатарыңнан кейін болмайсың» деген ата-әжесінің жиі айтатын нақылын құлаққа құйып өскен бала сол кездегі өз қатарластары сияқты шаруашылықтың қысы-жазғы науқандық жұмыстарының белортасында жүріп есейіп, ширыға түсті. Жас жігіт 1979 жылы Армия қатарындағы борышын өтеп келген соң оқу оқып, мамандық алу керек деген шешімге келеді. Сөйтіп ол Арқалық қаласындағы Торғай совхоз-техникумына оқуға түсіп, техник-механик мамандығын алып шығады. Жолдамамен «Қараторғай» кеңшарына барып ауыл шаруашылығы техникаларының механигі болды. Кейін өз ауылына ауысып келіп, осы мамандығы бойынша жұмыс істеуді одан әрі жалғастырды. Өз ісіне тиянақты, жастар арасында белсенді болуының әсері болар, оны жоғары басшылардың ұсынысымен кеңшар комсомол комитетінің хатшылығына сайлайды. Көңіл төрінде қызығы мол қалаға барып еңбек етсем деген бір тәтті ой қылаң беріп жүргенімен, әкесі Совет қайтыс болған соң анасы Нариманның жағдайына қарайлап жүрген кезі еді. Тоғыз баланың үлкені осы Нұрлан болатын. Жастар арасындағы жұмысты өз деңгейінде ұйымдастырып, ауылдың мәдени-қоғамдық жұмыстарын жандандыруға өз үлесін қосты. Одан кейін Сәтбаев қаласындағы жолаушылар тасымалдау автокәсіпорнының Ұлытау колоннасында механик болып біршама еңбек етті. Дегенмен, көңілдегі арман оны ақыры қалаға қарай жетеледі.

Жезқазған қаласына қоныс аударған бетте сол кездері жаңадан ашылып, ырғақты жұмыс істей бастаған керамикалық зауытқа орналасқан еді. Алайда, мұнда екі-үш жылдай ғана еңбек етуге тура келді. Алғашқыда әжептәуір жұмыс істеп тұрған зауыттың тынысы тарылып, өнім өндіруі ұзаққа бармады. Металлургтер қата-



Еңбек ардагері Нұрлан Әбусақов



Інісі, учаске бастығының орынбасары Нұржан Әбусақов



баласы Ардақ

рына қосылуды көптен ойлап жүрген Нұрлан Әбусақов осы кезеңде белді бекем байлап мыс қорыту зауытына келді. Бұл – 1988 жылдың күзі болатын. Оны зауыт басшылығы мысты электролиздеу цехына аппаратшы етіп қабылдады. Тәжірибе жинақтап, мамандықтың қыр-сырына әбден бойлаған соң ол 1996 жылдан бастап электролизші болып ауысты.

Электролизшінің жұмысы өте жауаптылықты қажет етеді. Мыстың түпкілікті өнім ретінде сапалы шығуы бұлардың жұмысына тікелей байланысты. Мыс

салынған ванналардағы ерітінділердің химиялық реакциясының технологияға сай дұрыс жүруі, электр желісінің тұйықталып қалмауы, тотияйын ерітіндісін уақытымен сүзіп отыру сияқты қат-қабат жұмыстар қапысыз атқарылуы керек. Бір сөзбен айтқанда, анодтан катод мысын айырып алатын технологиялық үдерістер осы электролиздеу цехында жүзеге асырылады. Ең жоғары - 5-разрядты электролиздеуші Нұрлан Әбусақовқа бұл жұмыстардың барлығы бес саусағындай белгілі. Тәжірибелі, өз ісіне ұқыпты азаматқа сенім артқан

әріптестері мен цех бөлімшесінің басшылығы 2016 жылы Нұрланды бригадир етіп тағайындады. Құрыш қолды металлургтер қатарында қажырлы да үлгілі еңбегімен танылған ол ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің ІІІ-дәрежелі «Еңбек Даңқы» төсбелгісімен марапатталды. Аманат партиясы мен салалық кәсіподақ комитеті тарапынан алған Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары да аз емес. Зауыт басшылығы Нұрлан Советұлына өндіріс озаты ретінде 2021 жылы металлургия ошағының 50 жылдық мерейтойы аясында жеңіл автокөлікті сыйға тартты. Үлкен өндіріске 34 жылын арнаған ардагер металлург осылайша лайықты құрметке бөленіп, зейнетке шықты.

Казір ол әулеттің үлкені ретінде бауырларының да еңбекте абыройлы болуларына тілеулес болып, ақыл-кеңесін беріп отырады. Інілері Азамат, Алмас, Нұржан, қарындастары Гүлсезім, Нұрзат, барлығы да корпорацияға қарасты кеніштер мен кен-шахта жабдықтарын жөндеу зауытында жұмыс істейді. Кіші інісі Нұржан Әбусақов ЖезУ-ді бітірген білікті инженер. Ол әуелде Сәтбаев байыту фабрикасында слесарь, одан кейін өндіріс шебері жолдарынан өтіп, 2009 жылдан бері Жомарт кенішінде жерасты механигі болып ойдағыдай еңбек етті. «Кенші даңқы» төсбелгісімен марапатталды. Өткен жылдан бастап желдету оқпанындағы №10 учаске бастығының орынбасары болып, жауапты сала жұмысының үнемі өз деңгейінде болуын қамтамасыз етіп отыр.

Нұрлан ақсақалдың баласы Ардақ Советов те «Қазақмыстың» өндірістік жауапты буындарының бірінде. Оның Мамандандырылған жөндеу-механикалық басқармасында еңбек еткеніне бес жылдан асып барады. Қазірде Жомарт кенішіндегі маман жөндеушілер қатарындағы өз ісін біліктілікпен атқаратын слесарьлардың бірі саналады. Сондай-ақ, келіні Маржан, қызы Гүлім Әбусақова да «КәсіпҚорған» салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінде қызмет етеді. Олардың қайсысы болмасын, кәсіптеріне адал әрі жауапкершілікпен қарау нәтижесінде ұжымдарында абыройлы. Отбастарында береке-бірлік ұялаған. «Бақыт кілті – еңбекте» дегеніміз осы болар, сірә.

Амандық РАХҰЛЫ

КЕЛІСІМ-ШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – ЕЛ ҚОРҒАУДЫҢ СЕНІМДІ ЖОЛЫ

Сәтбаев қаласы қорғаныс істер бөлімі азаматтарды келісімшарт негізінде әскери қызметке шақырады. Келісімшарт қызметі – тұрақты жалақысы, әлеуметтік жеңілдіктері мен кәсіби өсу мүмкіндігі бар абыройлы мамандық.

Қарулы Күштер қатарында қызмет ету – Отанға адалдықтың және патриотизмнің жарқын көрінісі.

Отан қорғау – әр азаматтың парызы!

Келісім-шарт бойынша Жезқазған қаласы 44803, 99290 әскери бөлімдеріне және басқа да қалаларға жұмысқа орналастыру жүргізіп жатқанын хабарлаймыз.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметтің артықшылықтары:

- Тұрақты және лайықты жалақы
- Тұрғын үймен қамтамасыз ету немесе тұрғын үйге өтемақы төлеу
- Әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету
- Қызмет өтіліне сәйкес зейнет-ақымен қамсыздандыру

- Қызмет барысында кәсіби білімін жетілдіру, әскери мамандық алу мүмкіндігі.

Қойылатын талаптар:

Қазақстан Республикасының азаматтары, жасы 18 бен 33 жас аралығындағы, денсаулығы жарамды, сотталмаған, әскери қызметке ниетті азаматтар қабылданады.

Барлық сұрақтар бойынша жұмыс күндері 9:00-18:00 аралығында Сәтбаев қаласы Қорғаныс істер бөлімі тел: 3-32-52, Гурбы көшесі 102, біле аласыздар.

«Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының қорғаныс істері бөлімі» ММ

ҚҰМАР ОЙЫН – ҚЫЗМЕТТІК БЕДЕЛГЕ ҚАУІП

Ұлытау облысында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мен мінез-құлқына ерекше назар аударылуда. Соңғы уақытта облыс бойынша жиырма бес мемлекеттік қызметші және соның ішінде басшылық қызметтегі тоғыз лауазымды тұлғаның құмар ойындарға қатысқаны туралы деректерді Ұлытау облысының прокуратурасы анықтады.



«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 50-бабы және Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге абыройлы мінез-құлық танытып, қоғам сенімін сақтауды міндеттейді. Ал «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қызметтік беделге нұқсан келтіретін кез келген әрекетті сыбайлас жемқорлық тәуекелі ретінде бағалайды.

Құмар ойындарға әуестік – қызметтік беделге көлеңке түсіріп қана қоймай, отбасылық және рухани құндылықтарға да зиянын тигізеді. Ол қаржылық қиындықтарға, мінездің тұрақсыздығына және қызметтік міндеттерге салғырт қарауға итермелейді. Мемлекеттік қызметші мұндай зиянды әдеттен аулақ болуға тиіс, себебі ол – ел алдында жүрген тұлға, халықтың сенімін арқалаған азамат.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет атап өтті:

«Құмар ойын – қоғамды іштен ірітетін дерт. Ол жастарды да, ере-

сектерді де рухани азғындыққа итермелейді. Мемлекет азаматтардың ақшасын ұтқызатын емес, еңбегімен табыс табуына мүмкіндік беретін саясат ұстану керек.»

Мұндай ұстаным мемлекеттік қызметшілерге де тікелей қатысты. Себебі қоғам қызметші бейнесін адалдық пен жауапкершілік байланыстырады.

Құмар немесе азарттық ойындарға қатысу мемлекеттік қызметшінің әдеп нормасын өрескел бұзу болып табылады және бұл жұмыстан босатуға әкеліп соғады.

Мемлекеттік қызметші – халық сенімін иеленген тұлға. Сондықтан Ұлытау өңіріндегі әрбір қызметкер заң талаптарын қатаң сақтап, қоғамға үлгі болуы тиіс.

**Е. СЫЛҚЫМБЕКҰЛЫ,
Ұлытау облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері Департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.**

ЖАҢА ҚЫЛМЫС ҚҰРАМДАРЫ

2025 жылғы 16 шілдеде қабылданған Заңға сәйкес Қылмыстық кодекске (бұдан әрі - ҚК) маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бұл толықтырулардың мақсаты – қоғамдағы қауіпсіздікті арттыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту.

Осы заңмен ҚК-ке бірнеше бап қосылды. Мысалы ҚК-не қосылған «115-1-бап. (Сталкинг)».

Қазіргі уақытта адамдардың бірін-бірі қудалап, еркінен тыс мазалап, телефонмен тынымсыз хабарласып, аңдып, үйіне немесе жұмыс орнына іздеп бару фактілерінің орын алып жатқандығын естіп жатамыз. Енді бұл – қылмыс және аталған әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық енгізілді. Сталкинг дегеніміз – бұл адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және (немесе) оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау. Сталкинг қылмыстық теріс қылықтар санатына жатады, ол үшін 200 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу түріндегі жаза көзделген.

Жаңа заңмен некеге тұруға мәжбүрлеу үшін тыйым салынды. Қоғамда әйел адамды мәжбүрлеп, қысыммен, қорқытып некеге тұрғызу фактілері кездесіп жатады. Бұған заң тұрғысынан біржола тоқтау

қойылды. ҚК-ке «125-1-бап. Некеге тұруға мәжбүрлеу» енгізіліп, некеге мәжбүрлеу үшін жаза қарастырылды. Аталған құқық бұзушылық үшін айыппұлдан бастап, 10 жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға дейінгі ауыр жаза болуы мүмкін.

Банктік карталарды үшінші тұлғалардың алаяқтық сызбаларға, қылмыстық кірістерді шығару немесе заңдастыру мақсатында пайдалануына қарсы іс-қимыл жасау үшін «дропперлікке» (ҚК-нің жаңа 232-1-бабы) қылмыстық жауаптылық енгізілді. Атап айтқанда материалдық сыйақы және (немесе) мүлктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына заңсыз қолжетімділікті ұсыну, беру немесе алу; төлемдер мен ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру қылмыс ретінде белгіленді. Бұл бап бойынша мүлкі тәркіленіп, 100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұлдан бастап 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жаза көзделген.

Заңға енгізілген бұл өзгерістердің түпкі мақсаты – қоғамды қорғау, азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандық заңды біліп, оны сақтауға міндетті. Ал заң бұзғандар қатаң жауапкершілікке тартылатынын ұмытпауы тиіс.

Жезқазған қалалық соты

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекеттік қызмет қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ал қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуде мемлекеттік қызметшілердің алар орны ерекше.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңнаманың негізгі қағидаттарының бірі мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы болып табылады. Мемлекеттік қызметші өзінің еңбегінің қорғалуына, тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, құқықтық және әлеуметтік қамтамасыз етілуіне, жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

Әрбір мемлекеттік қызметші бірінші кезекте сол қоғамның мүшесі, Конституциямен, басқа да заңдармен көзделген құқықтар мен міндеттерге ие мемлекетіміздің азаматы. Мемлекеттік қызметшілердің мәртебесі мен олардың құқықтары 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңында нақтыланған. Аталған Заңның 9-бабында мемлекеттік қызметшілердің негізгі құқықтары көрсетілсе, Заңның 9-тарауында мемлекеттік қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері қарастырылған.

Бүгінгі таңда, Ұлытау облысында 1300-ден астам мемлекеттік қызметші ел дамуына өз үлестерін қосуда. Оның ішінде, 800-ден астамы жергілікті атқарушы органдарда қызмет етуде.

Ал мемлекеттік органдардағы әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметтік бағыттарының бірі - мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының қорғалуына және әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуына мониторинг жүргізу. Осы ретте, жыл басынан

бері мемлекеттік қызметшілердің міндеттері, әдептілік нормалары, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктері туралы жергілікті атқарушы органдардың әдеп жөніндегі уәкілдерімен бірлесіп мемлекеттік қызметшілер арасында құқықтық оқытулар өткізілді.

Құқықтық оқытулар барысында мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер түсіндіріліп, олардың негізгі құқықтары бойынша ақпарат берілді. Әдеп жөніндегі уәкілдер институтымен алдағы уақытта да мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы ең алдымен заңды құрметтеп, өз міндетін адал атқаратын мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне тікелей байланысты.

Бүгінгі күннің талабы – әрбір мемлекеттік қызметшінің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерінің нақты сақталуы ғана емес, сонымен бірге олардың беделі мен жауапкершілігін арттыру. Бұл – тек мемлекеттік аппараттың емес, тұтас елдің өркендеу кепілі. Мемлекеттік қызметкердің абыройы – мемлекеттің айнасы.


**А. АБИКЕНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша Департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.**



ОВЕН. Для вас открывается неделя возможностей, Овен. В работе возможен подъем: вас могут заметить за инициативу. Однако будьте внимательны к деталям — быстрая реакция важна, но поспешность принесет лишние хлопоты. В личной жизни — шанс на диалог, который давно откладывался; откровенность сыграет вашу карту.




ТЕЛЕЦ. Вам неделя приносит стабилизацию в финансовой сфере: доходы могут быть равными, а расходы требуют контроля. Если давно планировали покупку или вложение — сейчас время оценить риски и плюсы. В любовных отношениях проявите гибкость, особенно если партнер или близкий человек ждет вашего внимания — мелкий жест может укрепить связь.




БЛИЗНЕЦЫ. Для Вас неделя предлагает новые идеи и неожиданные вдохновения. Возможно, появится тема, связанная с обучением или короткой поездкой. В работе полезно будет выйти за рамки привычного: нестандартный подход привлечет внимание руководства. В личной жизни — общение с другом может перейти в нечто большее или открыть перспективу.



РАКИ на этой неделе почувствуют необходимость уединения или пересмотра бытовых и семейных вопросов. Дом и близкие становятся важным оплотом — возможно актуализируется тема ремонта, переосмысления домашнего уклада или помощи близкому человеку. В работе возможны мелкие отступления от графика.




ЛЕВ. Вам неделя обещает яркие моменты: возможно, вам предложат публичную роль или вы сами захотите показать себя. Это прекрасный шанс для того, чтобы проявить талант или лидерство. В отношениях полезно выйти из роли зрителя и взять инициативу: приглашение, сюрприз, акт внимания принесут плоды.




ДЕВА. Для Вас этот период может потребовать внутренней дисциплины и анализа. Работа с бумагами, документацией, деталями окажется на первом плане. Если есть незаконченные задачи — приведите их в порядок. Звезды сулят в сфере любви важный и откровенный разговор, который вы давно откладывали.




ВЕСЫ, неделя открывает вам двери к новым контактам и творческим выражениям. Возможно, вы познакомитесь с человеком, который расширит ваши горизонты, или получите вдохновение для нового проекта. Ваше умение находить общий язык с разными людьми принесет вам успех как в карьере, так и в личной жизни.




СКОРПИОНАМ эта неделя принесет возможность проявить свою настойчивость и целеустремленность. Не отступайте от своих целей, даже если на пути возникнут препятствия. В профессиональной сфере возможно повышение или новые, более ответственные задачи. Финансовое положение будет стабильным, но избегайте спонтанных покупок.



СТРЕЛЕЦ. На этой неделе для Стрельцов наступает время новых открытий и приключений. Возможно, вы решитесь на путешествие или начнете изучать что-то совершенно новое. В работе не бойтесь выходить за рамки привычного — это принесет вам успех. В финансовом плане будьте осторожны с инвестициями, если вы не уверены в их надежности.



КОЗЕРОГАМ предстоит неделя сосредоточенной работы и достижения поставленных целей. В работе и бизнесе вы можете заложить основу для будущего: долгосрочный проект или серьезное обязательство. Не бойтесь просчитать все аспекты — в этот раз тщательный подход важен. Ваша дисциплинированность и упорство будут вознаграждены.



ВОДОЛЕЙ. Вам эта неделя принесет новые идеи и вдохновение. Ваше нестандартное мышление будет особенно востребовано, что поможет вам найти оригинальные решения. На работе будьте открыты к сотрудничеству и обмену опытом. В любви будьте искренни и открыты, это поможет вам глубже понять партнера.



РЫБАМ звезды сулят неделю гармонии и внутреннего спокойствия. Уделите время своим увлечениям и творчеству. В профессиональной сфере будьте внимательны к деталям и не принимайте поспешных решений. В личной жизни доверьтесь своей интуиции, она подскажет вам путь к счастью.

СОТ ҒИМАРАТЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазіргі таңда мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі – азаматтардың өмірі мен құқықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл бағытта сот органдарының да жауапкершілігі өте зор. Себебі сот — әділдіктің кепілі, ал сот ғимаратына кіретін әрбір адам өз құқықтарының қорғалатынына сенуі керек.

Осы сенімді сақтау үшін сот приставтары күн сайын сот ғимараттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында абыройлы қызмет атқарады.

Сот ғимаратындағы қауіпсіздік тек техникалық шаралармен шектелмейді. Ол азаматтардың, сот қызметкерлерінің және сот процесіне қатысушылардың қорғалуын қамтамасыз ететін кешенді жүйе болып табылады. Бұл жүйеге келушілердің жеке заттарын тексеру, рұқсатсыз тұлғалардың ғимаратқа кіруін болдырмау, сот залдарындағы тәртіпті сақтау, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары кіреді.

Аға сот приставының басты міндеті – сот процесінің қалыпты өтуін, судья мен процеске қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау. Әсіресе қылмыстық істерді қарау кезінде қауіпсіздік шараларының күшейтілуі аса маңызды. Осы ретте сот приставтары арнайы кәсіби дайындықтан өтіп, заңда белгіленген өкілеттіктерін пайдалана отырып, кез келген құқық бұзушылықтың алдын алады.

Сот ғимараты – бұл әділдік ордасы ғана емес, қоғамның құқықтық мәдениетінің айнасы. Егер азамат соттағы тәртіп пен қауіпсіздікті сезінсе, ол жалпы заңға және сот билігіне деген сенімін нығайтады. Сондықтан сот приставтарының еңбегі қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға бағытталған аса маңызды қызметтің бірі болып табылады.

Сот ғимаратының қауіпсіздігін сақтау – азаматтардың қауіпсіздігін сақтау деген сөз. Бұл міндет тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір азамат заңды құрметтеп, сот тәртібін сақтаған жағдайда ғана елімізде әділдік пен қауіпсіздік қатар орнайды.

Алмаз БАЗЫЛБЕКОВ,
Ұлытау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының аға сот приставы.

«109»: КОГДА ГОРОДСКОЙ БЫТ РАБОТАЕТ ПО РАСПИСАНИЮ

Если спросить жителя, что такое 109, большинство ответит: «номер, где берут трубку». На деле это давно больше, чем телефон.

Обращение автоматически попадает в цифровую систему, получает категорию и уходит к исполнителю с понятными сроками. Заявитель видит статусы — «принято», «в работе», «выполнено» — и не теряется в догадках.

Зимой повестку формируют тепло и электричество, летом — свет во дворах и дорожные карты. Разная природа задач — разные сроки, и это честно отражается в карточках:

обследование, заказ материалов, запланированная дата. Здесь важна не «скорость любой ценой», а предсказуемость.

За первые десять месяцев 2025-го через 109 прошло 43196 обращений. Закрыто 98,39% — показатель устойчивости.

109 — это привычка получать решение в одном окне. И, судя по цифрам, привычка работает.

Анекдоты, анекдоты...



Когда японская компания оказывает-ся в тяжелом положении, первый, кому урезают зарплату, — её президент. Если ситуация становится еще более серьезной, именно он первым уходит в отставку. В Японии не начинают с увольнения рядовых сотрудников — японцы считают, что не бывает плохих солдат, бывают лишь плохие генералы.

Сидят два самурая. Один в полной депрессии говорит другому:

— Всё настолько плохо, что я готов сделать себе хакари.
— А другого выхода нет?
— Есть. Давай по саке и к гейшам.

В 1968 году неизвестный совершил крупнейшее ограбление в истории Японии — почти 300 миллионов иен. Днем.

В одиночку. Без оружия. За одну минуту. И не прибегая к насилию. Одетый в полицейскую форму мужчина остановил автомобиль, везший зарплату на завод Тойота. Он сообщил вооруженным охранникам, что в полицию поступили сведения — машина заминирована. И начал детальный осмотр. А потом закричал: — "AAAAA! Бегите скорее, щас все как взорвется!" После чего сел в машину и уехал, его так и не поймали.

Снег, слякоть, вечер, зима в Москве. К стоящему на посту милиционеру подходит японец и спрашивает:

— Нияси коэдзуме дэй амото охира ки ламо кока—кола?

После пяти минут раздумья милиционер вежливо переспрашивает:

— Прошу прощения, Вы спросили — где найти в этом печальном заснеженном городе баночку чего?

► ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МЕДИА КЕҢІСТІГІ

Алматыда түркітілдес журналистердің VI халықаралық форумы «Түркі әлемінің медиа кеңістігі: жаңа дәуірдің міндеттері мен мүмкіндіктері» тақырыбымен өтті. Екі күнге созылған ауқымды алаңға түркі елдерінен, Еуропадан келген журналистер мен медиа сарапшылар, мемлекеттік құрылымдар мен салалық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жиында ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыру, медиа саладағы жаңа трендтер, заманауи технологиялардың әсері және ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Түркітілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы форумның басты мақсаты – журналистердің кәсіби әлеуетін арттыра отырып, түркі халықтарының мәдени-рухани құндылықтарын бірлескен жобалар арқылы ілгерілету екенін атап өтті.

Соңғы жылдары бірқатар маңызды бастамалар қолға алынған. Мәселен, өткен жылы Брюссельде өткен V халықаралық медиа-форум қорытындысы бойынша Қазақстан, Бельгия және Нидерланд елдері Дүниежүзілік түркі медиа қауымдастығын құрды. Биыл ұйымға Германияның қосылуы күтілуде, Әзербайжан мен Қырғызстан тарапынан қызығушылық байқалуда.


Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі Қуаныш Игіман, ҚазҰУ-дың проректоры Бақытжан Омар, «ALTAI-NEWS» медиа-орталығының бас директоры Арсений Дюсенов, Әзірбайжан Журналистер одағының төрағасы Эльчин Шыхли, Өзбекстандық «Халық сөзі» газетінің сарапшысы Нұрлан Усманов, Түркияның TUSDER басқарма мүшесі Бихтер Айиылдыз, «Еуразия ынтымақтастығы қорының» басшысы Ахмет Түзүн, Қырғыз Республикасы Журналистер одағының төрағасы Илязбек Балташев, Өзбекстан Туризм министрінің кеңесшісі Лола Рахманбаева және т.б. түркі елдері әлемге танылу жо-



лында біріккен ақпараттық стратегияны қалыптастыруға тиіс екендігін атап айтты.

Іс-шарада жорналшылар екі күн бойы тәжірибе алмасып, ортақ жобаларды жүзеге асыру мәселелерін жан-жақты талқылады.

Мейрамгүл САЯЖАН.



«ОТБАСЫЛЫҚ ФЕРМА» - ЕРЕКШЕ ЖОБА

Кеңгір ауылында «Kengir agro» кешенінің құрылысы басталды. Мұнда суармалы егіншілік, мал бордақылау алаңы, сүт фермасы сынды ірі жобалар жүзеге асады.

Бастама – «Отбасылық ферма» жобасының аясында қолға алынған. Мақсат – өңірде ішкі өнім қорын молайтып, экономиканы әртараптандыру және жаңа жұмыс орындарын ашу.

«Бұл – соңғы отыз жылдықта біздің өңірде болмаған жоба. Тамшылатып суару әдсімен аталған аумаққа мал азығы, жем-шөп өсіріледі. Қажетті қорды дайындаған соң 500-ге жуық асыл тұқымды ірі қара сиыр әкеліп, бордақыланады. Нәтижесінде алдағы екі жылда өзіміздің сүт өнімдерін дайындайтын ферма пайда болмақ» - дейді облыс ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алмат Саухимов.

«Отбасылық ферма» - еш облыста баламасы жоқ жоба. Қазіргі уақытта оның аясында Жаңаарқа ауданының Түгіскен, Алғабас, Айнабұлақ, Орынбай ауылдарында да фермалардың жұмысын жүргізу қарқын алды.

Ай Нұр

► МАҚТАНЫШ

«ЖАЙДАРМАН» ЖЕҢІМПАЗЫ – СӘТБАЕВ ӘЗІЛКЕШТЕРІ

«Жайдарман» – жастардың ғана емес, жалпы жұртшылықтың көңіл төрінен ойып тұрып орын алған ойын. Мемлекет тілінің жастар арасында кеңінен насихатталуына да бұл ойынның қосып жүрген үлесі зор. Жыл бойына өткен ойынның ақтық сынына 5 команда шығып, бақ сынасқан еді. Сол бесеудің ең үздігі Сәтбаев қаласының құрама командасы болып табылды.

Бұл қуанышқа бейжай қарай алмаған қала әкімі Мұрат Бөрібаев фейсбук әлеу-желісіндегі парақшасы арқылы «ЖАЙДАРМАН ТӨРІНДЕГІ ЖАРҚЫН ЖЕҢІС!» деген тақырыппен төмендегідей жазба жариялады. «Кеше Сәтбаев қаласының атын республикалық сахнада тағы бір биікке көтерген қуанышты сәттің куәсі болдық. Сәтбаев қаласының құрамасы Жайдарман ойынының ұлттық лигасында чемпион атанды! Бұл

– тек жеңіс емес, бұл – біздің жастарымыздың еңбегінің, талантының, бірлігінің жарқын жемісі. Кеше болған финал бізге нағыз кенді жеңістің қандай болатынын көрсетті. Бұл – Сәтбаев жастарының тарихи жеңісі.

Команданы шын жүректен құттықтаймын! Әзілдеріңізбен, шеберлігіңізбен, белсенділігіңізбен Сәтбаевтың рухын жоғары деңгейде таныттыңыздар. Сіздер – қаламыздың мақтанышы, жаңа буынның

жарқын өкілдерісіздер. Жастарды қолдау – біздің басты міндетіміз. Ал сіздердің жеңістеріңіз – барлық жас таланттарға шабыт сыйлайтын үлкен мотивация. Сәтбаевтың жастары – нағыз чемпиондар!» деген қала басшысының лебізіне біз де қосыла отырып, Сәтбаев «жайдарманшыларына» әрқашан ойлы ойын, әдемі әзіл тілейміз!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1985

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.